

Келісемін:

«Ақбота» бөбекжайы
МКҚК әдіскері

М.Н. Обиоқ

Бекітемін:

«Ақбота» бөбекжайы
МКҚК басшысы

А. Е. Мынбаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тобы: «Ботақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Сөйлеуді дамыту	Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбегінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.

Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқақырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
Математика негіздері	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын кеңейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бакылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылдықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.
Құрастыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және

		<p>кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
	<p align="center">Сурет салу</p>	<p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
	<p align="center">Мүсіндеу</p>	<p>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Балаларды тұрмыстық заттармен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
	<p align="center">Жапсыру</p>	<p>Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттармен Нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p>

	<p style="text-align: center;">Ән -күй</p>	<p>Таныс шығармаларды танып, олардың мазмұны туралы айтуға және тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісуге үйрету, мәнгерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс аруды дамыт Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға, аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуге, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауға үйрету.</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, тайтұяқпен асағаяқта ойнау тәсілдерін дұрыс қолдануды үйрету.</p>
	<p style="text-align: center;">Дене шынықтыру</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қысқа арқанмен секіруді үйрету. Бір-бірінен алшақ орналасқан дәрілік шарларды бір-бірден басып өтуді үйретуді жалғастырыңыз. 2. Құрсауларды домалатуды үйрету. Қысқа арқанмен секіру қабілетін дамыту. 3. Ұшудан ұшуға оңға, солға қарай қозғалып, гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен көтерілуді үйрету. Құрсауларды айналдыру қабілетін шындау. <p>1. Бір-бірінен алшақ орналасқан дәрілік шарлардың үстінен бір-бірден басып өтуді әр түрлі қол позицияларымен үйрету. Гимнастикалық қабырғаға жоғары және төмен көтерілуді үйренуді жалғастыру, ұшудан ұшуға оңға, солға жылжу.</p> <p>2. Тұрып тұрып ұзындыққа секіру техникасын 4-5 сызық арқылы, сызықтар арасындағы қашықтық 40-50 см. Бір-бірінен алшақ орналасқан, қолдың әртүрлі позициялары бар дәрілік шарлардың үстінен бір-бірден басып жүруді үйретуді жалғастыру.</p> <p>3. Допты жерге соғу арқылы лақтыруды үйрету. Тұрып тұрып ұзындыққа 4-5 сап арқылы секіру техникасын пысықтау, сызықтар арасындағы қашықтық 40-50 см.</p> <p>1. Заттардың арасы 10 метр қашықтықта түзу сызықта төрт аяқпен жорғалауды үйрету. Допты жерге соғу арқылы лақтыру қабілеттерін дамыту.</p> <p>2. Қолды жоғары көтеріп тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Заттар арасындағы 10 метр қашықтықта түзу сызықта төрт аяқпен жорғалауды үйренуді жалғастыру.</p> <p>3. Бір аяқпен секіруді үйрету (оң және сол аяқпен 4-5 рет). Қолды жоғары көтеріп тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>1. Заттарды 1,5 метр қашықтықтан лақтыруды үйрету. Бір аяққа секіру техникасын бекіту (оң және сол аяқпен 4-5 рет).</p> <p>2. Көлденең орындықта төрт аяқпен жорғалауды үйрету. 1,5 метр қашықтықтан</p>

заттарды лактыруды үйренуді жалғастыру.

3. Бір-бірінен алшақ орналасқан баспалдақтардан өтуді үйрету. Көлденен орындықта төрт аяқпен жорғалау қабілетін дамыту.

Спорттық жаттығулар. Велосипедпен жүру: екі доңғалақты немесе үш дөңгелекті велосипедпен жүру.

Ашық ойындар. Ашық ойындарға қызығушылықтарын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу.

Тәуелсіз қозғалыс белсенділігі. Балаларды доптармен және құрсаулармен ойнауға ынталандыру, дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру және балалардың ашық ауадағы ойындарға қатысуға қызығушылығын ояту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігінің пайдасы туралы түсініктерін кеңейту (таңертеңгілік жаттығулар, шынықтыру, спорттық және ашық ойындар).

Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері. Тыныс алу жолдарын қатайтыңыз. Шынықтырудың барлық түрлерін орындаңыз.

Денсаулықты сақтайтын технологиялар. Тыныс алу жаттығулары, степ-аэробика, ойын стрейтинг, флешмоб, су-джок.